

"Павлодар облысындағы қоғамдық жолаушылар көлігіне арналған автобустар" секторлық бағдарламасын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 4 желтоқсан N 1653

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің арасындағы қаржылай және техникалық ынтымақтастық туралы Келісім шенберіндегі 6,5 млн. (алты миллион бес жүз мың) неміс маркасы сомасындағы "Павлодар облысындағы қоғамдық жолаушылар көлігіне арналған автобустар" секторлық бағдарламасы бойынша ГФР-дің Қалпына келтіру жөніндегі кредиттік ведомствосы (КФВ) зайлның қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Займ қаражатының келіп тұсуі мен пайдалануы республикалық бюджет арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін. Бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ олардың уақытылы өтелуі Павлодар облысының әкіміне жүктеледі, оның мұқтажына осы зайлның шегінде валюталық қаражат бөлінеді.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Германия Федеративтік Республикасының Қалпына келтіру жөніндегі кредиттік ведомствосымен (КФВ) 6,5 млн. (алты миллион бес жүз мың) неміс маркасы сомасындағы зайл туралы Келісімге қол қойсын;

аталған зайлды өтеу графигіне сәйкес 1996 жылдан бастап жыл сайынғы бюджеттің жобасында проценттерді төлеуге, ал 2006 жылдан бастап-проценттер мен негізгі борышты өтеуге қажетті қаражат көзделсін.

3. "Павлодаркөлікхолдинг" облыстық холдинг компаниясы аталған кредит жөніндегі түпкілікті заемшы болып белгіленсін.

4. Павлодар облысының әкімі:

"Павлодаркөлікхолдинг" облыстық холдинг компаниясымен бірлесіп, он күн мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен берілген зайл қаражатын республикалық бюджетке үш жылдық женілдік кезеңін қоса алғанда, жеті жыл ішінде қайтару туралы ішкі кредиттік келісім жасасын;

"Павлодаркөлікхолдинг" облыстық холдинг компаниясына қалалық автобустар мен қосалқы бөлшектер сатып алу жөніндегі контракт жасауға сенімхат берсін.

5. "Павлодаркөлікхолдинг" облыстық холдинг компаниясы алынған қаражаттың есебін жүргізсін және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке тоқсан сайын есеп беріп отырсын.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет:

аталған займның күшіне енуіне қажетті материалдар дайындастын; займның іске асырылуын жалпы үйлестіруді жүзеге асырсын; зайл қаражатын пайдаланудың есебін жүргізсін; ГФР-дің Қалпына келтіру жөніндегі кредиттік ведомствосына (КФВ) зайл қаражатының пайдаланылуы туралы есеп ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК